

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
21.09.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 21.09.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе «2011 жылғы 19 желтоқсандағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «2011 жылғы 19 желтоқсандағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы енгізіліп отыр.

Аталған хаттамаға 2021 жылғы 20 шілдеде Мәскеу қаласында қол қойылған болатын.

Хаттамамен Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы 2011 жылғы 19 желтоқсандағы шартты Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы 2017 жылғы 11 сәуірдегі шартқа, сондай-ақ оларда қолданылатын терминология мен ұғымдық аппаратқа сәйкес келтіру бөлігінде өзгерістер енгізілетін болады.

Құрметті депутаттар, қарастырылып жатқан хаттаманы ратификациялау біздің еліміз үшін әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді.

Сіздерден оң шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндама аяқталды. Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Әбсеметова Әлия Маратқызы.

ӘБСЕМЕТОВА Ә.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы! Біз қаралып отырған хаттамамен 2011 жылдан бастап қолданылып жүрген Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға, сондай-ақ қаражатты Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық шартқа өзгерістер енгіземіз. Өзгерістер Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына байланысты жасалған негізгі халықаралық шарттарға сәйкес келтіруге бағытталған.

Сұрақ туындайды. Неліктен шарттың атауына тиісті өзгерістер енгізілмеді?

Егер бүгінгі күні Еуразиялық экономикалық одақ туралы сөз болып жатса, хаттаманың атауында неге Кеден одағына сілтеме қалдырылған? Осыған жауап берсеңіз.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет. Сұрағыңыз орынды.

Әрине, шартқа хаттаманы енгізу бойынша жұмыс Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына дейін басталған болатын. Және бұл бірнеше рет талқылаудан өткен. Талқылаудың өз деңгейлері бар. Еуразиялық экономикалық одақта арнайы департамент бар. Бұл заң техникасы. Олар сараптама жасап, хаттама тақырыбына аталған Кеден одағы бойынша ешқандай өзгеріс енгізудің қажеті жоқ деген тұжырымдама жасады. Атауына өзгерістің енгізілмеуі заң жағынан ешқандай кедергі жоқ деген қорытынды бар. Сондықтан біз осы қорытындыны қабылдап, сіздердің қарауларыңызға енгізіп отырмыз.

ТӨРАҒА. Депутат Телпекбаева Жанна Тілеубекқызы.

ТЕЛПЕКБАЕВА Ж.Т. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Ерулан Кенжебекович! Как уже было ранее сказано, данным протоколом вносятся изменения в действующий с 2011 года Договор о противодействии легализации доходов в части его приведения в соответствие с терминологией и понятийным аппаратом ряда действующих международных договоров, принятых в рамках ЕАЭС. Вместе с тем в тексте указанного договора имеются нормы, в которые также можно было бы внести ряд изменений.

К примеру, согласно статье 5 действующего Договора о противодействии легализации доходов определен предельный срок хранения подлежащих возврату наличных денежных средств и (или) денежных инструментов, перемещение которых было приостановлено. Данный срок составляет четыре месяца с даты вручения почтового отправления. В случае неостребованности лицом или его уполномоченным представителем в эти сроки они подлежат обращению в собственность государства в соответствии

с законодательством стороны, таможенным органом которой приостановлено перемещение наличных денежных средств и (или) денежных инструментов.

Вместе с тем в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан (статья 1073) в случае смерти гражданина свидетельство о праве на наследство выдается лишь по истечении шести месяцев со дня открытия наследства.

В этой связи у меня следующий вопрос. Почему рассматриваемым сегодня протоколом мы вносим изменения только редакционного характера? Я считаю, что, когда, к примеру, идет речь о подобных вещах (сроки возврата), следует учитывать и нормы национального законодательства. Спасибо.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Спасибо за вопрос.

Как я уже отметил в докладе, данным протоколом вносятся изменения в договор только в части приведения в соответствие понятийного аппарата и терминологии. Мы этот вопрос уже поднимали, обсуждали в рамках Евразийского экономического союза.

Что касается такого рода реальных кейсов, где необходимо внести в договор изменения по сущности, по содержанию, то мы отдельно будем разрабатывать второй протокол, где будем учитывать все нюансы национального законодательства. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Паяев Айбек Мінаимбекұлы.

ПАЯЕВ А.М. Рақмет, құрметті Төраға.

Ерұлан Кенжебекұлы, мұндай шарттарды ратификациялау, онымен күресу өте дұрыс деп есептеймін. Дегенмен біз тағы да себеп-салдармен күресетін сияқтымыз. Неге? Өйткені кезінде Кірістер комитетін құрған кезде оның ішінде салық, кеден және арнайы тергеу салалары болған, жедел іздестіру құқықтары болған, ал бүгінгі күні Кірістер комитетінде тек салық, кеден, яғни Ресеймен, басқа да Кеден одағындағы шекаралас елдермен экспорттық бақылау бар, бірақ оларда жедел іздестіру жұмыстары жоқ. Бұл қалай реттелмекші? Өкілетті органның қандай күштері бар? Бұл Шекара қызметімен, басқа да құқықтық органдармен бірге жүзеге аса ма, жоқ әлде уәкілетті орган біреу бола ма? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Сұрағыңыз орынды.

Әрине, бұл хаттаманы ратификациялау барысында Мемлекеттік кірістер комитетінің құрылымы бірнеше рет өзгеріске түскен болатын. Қазір кеден саласына қатысты мәселелер Мемлекеттік кірістер комитетінде қалды, ал терроризмге қатысты, қаржыны жылыстату және оны сыртқа әкетуді қадағалауға байланысты функциялар Қаржы мониторингі агенттігіне көшкен болатын. Біздің арамызда үйлесімді жұмыс бар. Бұл жерде қандай да бір кедергі болады деп ойламаймын.

ТӨРАҒА. Жақсы, рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Ерұлан Кенжебекұлы, рақмет сізге. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Нұр Қанат Ілияұлына беріледі.

НҰР Қ.И. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемые коллеги! Рассматриваемый законопроект был внесен в Мажилис Парламента Республики Казахстан 3 августа 2022 года в соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан №526.

Протокол от 20 июля 2021 года о внесении изменений в Договор от 19 декабря 2011 года о противодействии отмыванию преступных доходов и финансированию терроризма при перемещении наличных денежных средств и денежных инструментов через таможенную границу Таможенного союза был подписан в целях приведения его в соответствие с Договором о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года и Договором о Таможенном кодексе Евразийского экономического союза от 11 апреля 2017 года, а также используемыми в них терминологией и понятийным аппаратом.

На сегодняшний день всеми постоянными комитетами Мажилиса Парламента по законопроекту представлены положительные заключения. При рассмотрении в рабочую группу предложения не поступали.

На основании изложенного Комитет по финансам и бюджету считает возможным рекомендовать Мажилису Парламента Республики Казахстан одобрить проект Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Договор о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма при перемещении наличных денежных средств и (или) денежных инструментов через таможенную границу Таможенного союза от 19 декабря 2011 года».

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қанат Ілияұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлына беріледі.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер мен шақырылғандар! Біздің елімізде де, осы саладағы халықаралық ынтымақтастық шеңберінде де ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі басым бағыттардың бірі – терроризмге және трансшекаралық қылмысқа қарсы іс-қимыл мәселелері болып табылатыны белгілі.

Бұл саладағы халықаралық ынтымақтастық халықаралық құқық нормаларына толық сәйкес жүзеге асырылады. Бұл қылмысқа қарсы бірлескен күрес саласындағы барлық шарттық тетіктерді одан әрі жетілдіруді білдіреді.

Халықаралық өзара іс-қимылдың құқықтық негіздерін жетілдіру Еуразиялық экономикалық одақ, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде, сондай-ақ екіжақты форматтарда жүргізіледі.

Өткен жылдары қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және жаңа сын-қатерлер мен қауіптерге ден қоюдың құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктері әзірленді және бекітілді, қауіпсіздік мәселелерін реттейтін және ұлттық заңнаманы әзірлеу мен біріздендіруде пайдаланылатын модельдік заңнаманың сапалы базасы құрылды.

Осыған байланысты қаралып отырған хаттама арқылы біз осы саладағы қолданыстағы халықаралық құжатты сәйкес келтіруге тиіспіз. Бұған дейін 2011 жылы оған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру және терроризмді қаржыландыру үшін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін қолма-қол ақша қаражаты мен ақша құралдарын пайдалану мүмкіндігіне кедергі келтіру мақсатында қол қойылды.

Құрметті депутаттар! Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, қаралып отырған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дүйсенбай Нұрбайұлы.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «дауыс бермегендер» – 2, «жақтағандар» – 95. Қаулы қабылданды.



Дүрліс: Құжатталмамен қамтамасыз ету
Белгілік сектор меңгерушісі
Майіс Н. Шайбергана.